

егемен

Қазықстай

Қылқалам ұшындағы данышпан бейнесі

Мына суреттерге зер салыңызшы. Ал егер осыларды салған кәсіпқой суретші емес, оған үш қайнаса сорпасы қосылмайтын саланың өкілі екенін айтсақ қайран қаларыңыз хақ. Біртуар тұлғаның суреткерлік ой-толғаммен кескінделген бейнесі нағыз шебердің мәнерін танытқандай-ақ қой. Мұндай өнер біреулердің бойына оқу-тоқумен өрілсе, бұл қылқалам иесінің жөні бөлек.

Иә, ол кісі біз білетіндей суреттерді аз салады, алайда саз салады. Соның өзінде таңдаған бір ғана тақырыбы бар. Яки, бала кезінен өлеңдері құлағына құйылып, көкірегінде жатталып өскен Абай мен Шәкәрім әлемін шарлау, көз алдыға елестету, таныту 30 жылдан бері бүкіл туындыларының алтын арқауы. Бұған бару да батылдық. Қос данышпанның қасиетті тұлғасын сомдауды мұрат ету ішкі арманның айғағы.

Суретшінің көптеген шығармасы Шәкәрім қажыға арналған. Байқап отырғандарыңыздай, ақынның қай суретте де бейнеленуі қайталанбайды. Алғашқысы осыдан қырық жыл бұрын салынған болса, содан бері елуге жуық картина мен портрет жазылған екен. Бұларды Шәкәрім туралы сериялық полотналар деп тануға болады. Бір ғана адамды бұлайша сипаттау ұлттық өнеріміздегі сирек құбылыс деу де артық айтқандық болмас. Мұның өзі кездейсоқтық емес. Суретші өжет те кесек мінезді, нәзік жүректі, даналықты, биік рухты бір бойына жинаған өз кейіпкерінің жан дүниесі мен сезімін әр қырынан бейнелеуге ден қойғандығы соншалық, ақын басынан өткен қилы тағдырдың сырын жеткізуге талмай еңбектеніп келеді. Енді алдарыңыздағы суреттерді салған кісімен таныстыра кетейік. Жетпістен асты демесеңіз, ширақ, қунақ қалпындағы Мақаш Әлиакпаров атты ағамыз ол. Әуесқой суретшілігімен қатар, жұртқа медицина ғылымы саласындағы ірі ғалым, Қарағанды фармакологиялық институтының ректоры тұрғысында танымал адам.

Әдетінде әңгімешіл, әсіресе, Абай, Шәкәрім хақында толғанысы бөлек, білетіні терең, шертер сыры таусылмас Мақаң қылқаламға бала кезінен үйір болғандығын айтады. Бертінде Семей медициналық институтын, одан Ленинградта аспирантураны бітіріп, ғылыми ізденістерге берілгенде де ақ қағаз бетіне өрнек салуды үзбеген. Өнерге жүрегі жақын, соған көңілі құлаған жастарға қамқор, сол кездегі Семей облыстық атқару комитетінің төрағасы Екейбай Қашағанов сынды алды кең адамның көзіне түсіп, назарына ілігуі талантына қанат бітіреді.

– Екейбай аға мені бірде арнайы шақыртып, әдебиет, өнер жөнінде ұзақ әңгімелесті. Сөз арасында “Абай жолын” үнемі қайталап оқып жүретіндігіме сүйсіне отырып, Абай бейнесін, туған ортасын суретпен көркемдеу жөнінде ой тастады. Әуелде тосын ұсынысқа сенер-сенбестей болып қалсам да, жақсы ағаның үміт артқан үні тәуекелге бел будырған. Ағай арқамнан қағып, қолма-қол істі неден бастауым керектігіне дейін құлағыма құйды. Алдымен Шәкәрім қажының баласы Ахат ақсақалға сәлем беріп, ойымды ортаға салуды ескертті. Ақаң мені кім жібергенін білісімен көңілі босап, әкесі мен

үлкен атасы Абай жайында көптен көкірек көмбесінде көмулі жатқан сырды сыртқа ағытты. Кезінде Мұхтар Әуезовке ұлы ақын туралы мағлұмат берген Қабыш Кәрімқұлов деген кісіні қасыма қосты. Шәкәрім атамыз өмірінің соңында жалғыз ғұмыр кешкен қыстауды көргеннен соң, сол сәтінде жанарыма жас іркіле, қолым қалтырай отыра, мұңайған кейіптегі бейнесін ақ қағаз бетіне түсірдім. Кейінде бұл алғашқы еңбегім “Ұмытылған”, “Ақынның өлімі”, “Шәкәрімді қайта жерлеу”, “Шәкәрімнің айлы жолы”, “Даланды сақта” тәрізді сериялық туындыларға ұласты. Әлі де олардың қатарын толықтырмақ ойым бар. Бұл тақырып менің өмірлік серігім секілді, – дейді Мақаш Тыныштықбайұлы.

Мақаң бойында кісі қызығарлық қасиеттер аз емес. Ірі ғалымдығы, айтулы суретшілігі ғылыми ізденіс немесе шығармашылық шабытпен қиысып жатады. Соңғы жылдарда ол алып тұлғаларға арналған, еліміздің өсіп-өркендеуін бейнелейтін ескерткіштер нұсқасын жасау жағынан да көзге түсіп жүр. Соның бірі бүгінде Астана төрінде асқақтап тұрған “Отан қорғаушылар” монументі болса, Теміртаудағы “Металлургтер”, Қарағандыдағы “Сүйінші” монументтері де Мақаш ағаның ой-қиялынан дүниеге келген туындылар екенін атап өткен жөн. Мәселен, биік тұғырдың ұшар басындағы тұлпар үстінде сүйіншілеп шауып келе жатқан жігіт кескінделген ескерткіш бүгінгі күн сайынғы өзгерістерге қуаныш лебін сездіреді. Қазір ол көмір кесегін бірге көтерген қос кеншінің әйгілі ескерткішіндей Қарағандының символикалық белгісіне айналды.

Сәтін салса, таяу арада қала тұрғындары сүйсіне демалатын, жасыл желекке малынған тұста Абай мүсіні бой көтергелі тұр. Мұның да авторы Мақаш Әлиакпаров ағамыз.

Жоғарыда айтылғандай, суретшінің Абай мен Шәкәрім тақырыбы аясындағы портреттік, сюжеттік картиналар жиынтығы жүзге жуықтайды. Сондықтан оларды топтап, жинақтап сурет галереясын ашу көптен бергі мақсаты болатын. Оның орындалғанына біраз уақыт өтсе де, өкінішке қарай, аталған галереяның ашылғандығынан көпшілік хабарсыз. Оны көріп, тамашалау шараларын ұйымдастыруға бір кісінің қолы жете бермейді. Осы жәйт мәдениет ісі төңірегіндегі азаматтарды ойлантар деп үміттенеміз.

Бұл күнде де Мақаң қызметінен қолы қалт еткен уақытта қашанғыдай сурет салу шеберханасына бет бұрады. Әр тұста қойылған түрлі картиналарға көз сүзіп өтіп, қылқаламды қолға алады. Сол бір сәтте рахат бір сезімге бөленіп, әдемі әлемге ене береді. Жаратылыс ғалымдық, суретшілік талантты жомарттықпен сыйлаған жанға еңбекқорлығы қосылып, тамаша шығармалар туып жатады. Шығармашылық тың ой, жоба-жоспар көп. Ол бар жерде, жеміс барын Мақаш Әлиакпаров әбден біледі. Соны арқа тұтады.

Авторы: Айқын Несіпбай, Қарағанды.